

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 202 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 21 желтоқсан N 2026

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 202 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 16-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақ кестесінің "Жауапты орындаушылар" деген бағанында "Жол полициясы комитеті" деген сөздер алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулыға 25-қосымшада:

4, 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жол қозғалысы қауіпсіздігінің ахуалын есепке алудың мемлекеттік жүйесін жүргізу, жүргізушілер мен көлік құралдарының есебін жүргізу жөніндегі мемлекеттік функциялардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында ішкі істер органдарының бірыңғай ақпараттық жүйесін құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жол қозғалысы қауіпсіздігі ахуалының көрсеткіштерін есепке алудың мемлекеттік жүйесін автоматтандыру; жол қозғалысы қауіпсіздігінің ахуалын есепке алудың, жүргізушілер мен автокөлік құралдарының есебін жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелерін әзірлеу."

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" деген 6-тармақтың кестесінде:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген баған мынадай редакцияда жазылсын:

"250 бірліктен тұратын ДЭЕМ кешендерін; 250 бірліктен тұратын лазерлік принтерлер; 50 бірліктен тұратын модемдер; 60 бірліктен тұратын сканерлер; 21 бірліктен тұратын жергілікті серверлер; 1 бірліктен тұратын орталық сервер; 25 атаудан тұратын байланыс және телекоммуникация құралдарын; 100 бірліктен тұратын ақпаратты қорғау құрылғыларын сатып алу";

"Жауапты орындаушылар" деген бағанда "Жол полициясы комитеті" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бюджеттік бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтижелер: Қазақстан

Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру мақсатында ішкі істер органдарының практикалық қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды одан әрі енгізу, оларды техникалық жаратқандыру."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ